

Nokia 1202/1203 Пайдаланушы нұсқаулығы

МазмұныКуәландыру туралы ақпарат
(ҮСД)

14

Қауіпсіздік 3**Іске қосу 4**

Артқы қақпақты ашу 4

SIM карта мен батареяны салу 4

SIM картаны шығарып алу 4

Батареяны зарядтау 4

Қосу және ажырату 5

Телефоныңыз 5

Түймелер мен бөлшектер 5

Негізгі мүмкіндіктері 6

Қоңырау шалу және қабылдау 6

Мәтін жазу 7

Хабар 8

Контактілер 8

Көп тармақты телефон

кітапшасы 9

Шамды қосу немесе өшіру 9

Жалпы мәліметтер 10**Керек-жарақтар 10****Батарея 10**Батарея мен зарядтағыш туралы
ақпарат 10Nokia батареясының шынайылығын
растау жөніндегі нұсқаулары 11**Құрылғыға күтім жасау 12**

Қайта пайдалану 12

Қосымша қауіпсіздік ақпараты 12

Кішкентай балалар 13

Жұмыс істеу ортасы 13

Медициналық құрылғылар 13

Көлік құралдары 13

Жарылу қаупі бар орталар 13

Жедел қызметтерге телефон
шалу 14

Қауіпсіздік

Мына жай нұсқауларды оқыңыз. Бұларды қадағаламау қауіпті немесе заңсыз болуы мүмкін. Қосымша мәлімет үшін пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК САҚТАП ҚОСУ



Сымсыз телефонды қолдануға тыйым салынғанда немесе құрылғыны қосу кедергілер мен қауіп-қатер тудырған жағдайда оны қоспаңыз.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БІРІНШІ ОРЫНДАУ БОЛУЫ ТИІС



Жергілікті жердің барлық талаптарын орындаңыз. Өрқашан көлік жүргізу кезінде қолыңызды бос ұстаңыз. Көлік жүргізу кезіндегі бірінші ескеретініңіз жол қауіпсіздігі болуы тиіс.

КЕДЕРГІЛЕР



Барлық сымсыз құрылғылардың жұмысының орындалуына кедергілер әсер етуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ ШЕКТЕЛГЕН ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРІП ҚОЙЫҢЫЗ



Кез келген шектеуді сақтаңыз. Құрылғыны ұшақта, медициналық жабдықтың жанында, жанармай, химикаттар немесе қопарылысқа бейім ауа кеңістігінде өшіріңіз.

МАМАНДЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ



Бұл құрылғыны тек маманданған қызметкерлер ғана орнатуы немесе жөндеуі тиіс.

ҚОСЫМША АСПАПТАР МЕН БАТАРЕЯЛАР



Тек мақұлданған қосымша аспаптар мен батареяларды қолданыңыз. Сәйкес келмейтін өнімдерге жалғамаңыз.

СУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ



Сіздің құрылғыңыз суға төзімсіз. Мұны құрғақ күйде сақтаңыз.

Іске қосу

Артқы қақпақты ашу



Босату түймесін басып (1), артқы қақпақты сырғытып шығарып алыңыз (2).

Бұл телефонға BL-4C батареясы қолданылуы керек.

Қауіпсіз шығарып алу. Батареяны шешіп аларда әрқашан құрылғыны өшіріп, зарядтағышты ажыратыңыз.

SIM карта мен батареяны салу



- 1 Батареяны көтеріп, шығарып алыңыз (1).
- 2 SIM картасын салыңыз (2). SIM картасының сары түсті түйісу аумағының беті төмен қарап, кертік бұрышты жағының құрылғының төмен жағына қаратып салынғанына көз жеткізіңіз.
- 3 Батарея мен артқы қақпағын орнына салыңыз (3, 4).

SIM картаны шығарып алу



Босату пружинасын басып (1), SIM картаны шығарып алыңыз (2).

Батареяны зарядтау

Батарея зауыттан жартылай зарядталып келеді. Егер құрылғы төмен зарядты көрсетсе, төмендегілерді орындаңыз:



- 1 Зарядтағышты қуат көзіне жалғаңыз.
- 2 Зарядтағышты құрылғыға жалғаңыз.
- 3 Құрылғы толық зарядты көрсеткенде, зарядтағышты құрылғыдан және қуат көзінен ажыратыңыз.

Кеңес: Электр қуатын үнемдеу үшін батарея толық зарядталғанда зарядтағышты ажыратыңыз.

Батареяны белгілі бір уақытқа дейін зарядтаудың қажеті жоқ және құрылғыны зарядталып жатқанда да пайдалануға болады. Егер батареяның заряды толығымен таусылғанда, дисплейге зарядтау индикаторы шыққанша немесе қоңырау шалғанша бірер минут кетуі мүмкін.

Қосу және ажырату



Аяқтау түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Телефонды тек қалыпты жұмыс істеу жағдайында пайдаланыңыз.

Сіздің құрылғыңыздың ішкі және сыртқы антеннасы болуы мүмкін. Антенна сигнал таратып немесе қабылдап тұрғанда антенна аумағына қажетсіз тиіспеңіз. Антеннаға тиіскеннен байланыс сапасына әсер етіп, жоғары қуат деңгейімен жұмыс істеуіне себеп болуы мүмкін, тіпті батареяның зарядын азайтуы мүмкін.

Телефоныңыз

Түймелер мен бөлшектер

1	Құлақаспап	
2	Дисплей	
3	Таңдау түймелері	
4	Navі™ түймесі; одан әрі жылжу түймесі	
5	Қоңырау шалу түймесі	
6	Аяқтау/Қосу түймесі	
7	Пернетақта	

8	Шам	
9	Микрофон	
10	білезік кигізілетін ілмек	
11	Зарядтағыш ұясы	
12	Құлаққап ұясы	
13	Босату түймесі	

Құрылғыға зақым келтіретін сигнал шығаратын өнімдерді қоспағаныңыз жөн. Nokia AV Connector қосқышын кернеу көзіне қоспаңыз.

Осы құрылғымен бірге қолдану үшін Nokia мақұлдаған түрлерден басқа кез келген сыртқы құрылғы немесе құлаққапты Nokia AV Connector қосқышына қосу кезінде дыбыс деңгейіне баса назар аударыңыз.

Негізгі мүмкіндіктері

Келесі мүмкіндіктерді пайдалану үшін **Меню** опциясын таңдаңыз:

Хабарлар — бұл параметр хабарларды жасау, жіберу, ашу және басқаруға арналған

Контакттар — бұл параметр SIM карта мен телефон жадындағы аттар мен телефон нөмірлерін сақтайды

Қоңыр. тізілімі — бұл параметр жіберілген, қабылданған және терілген нөмірлерге өтуді мүмкін етеді

Баптаулар — бұл параметр телефоныңыздың түрлі мүмкіндіктерін орнатады

Оятар — бұл параметр оятқыштың уақытын орнатады

Ескертулер — бұл параметр еске салуларды басқарады

Ойындар — бұл параметр ойын әсерлерін баптайды немесе телефоныңызда орнатылған ойындарды ойнау мүмкіндігін береді

Қосымшалар — бұл параметр **Калькулятор**, **Аудару құралы**, **Таймер**, **Күнгізде**, **Секундомер**, **Демо** және **Шам** опциясына өтуге мүмкіндік береді

SIM қызметтері — бұл параметр SIM картаңызбен қолдаулы болу жағдайында қосымша қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді

Қоңырау шалу және қабылдау

Қоңырау шалу

Қоңырау шалу үшін телефон нөмірін, қажет болса, ел мен аймақ кодын қоса теріп, қоңырау пернесін басыңыз.

Қоңырауға жауап беру

Қоңырау пернесін басыңыз.

Қоңырауды аяқтау немесе оны қабылдамау

Аяқтау пернесін басыңыз.

Дауыс зорайтқышты немесе құлақаспапты пайдалану

Байланыс кезінде **Дб.күш.** немесе **Трубка** тармағын таңдаңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Байланыс кезінде дауыс зорайтқыш пен құлақаспаптың дыбыс деңгейін реттеу үшін солға немесе оңға жылжыңыз.

Ескерту

Үнемі аса көтеріңкі деңгейдегі дыбысты тыңдау есту қабілетіңізге нұқсан келтіруі мүмкін. Әуенді орташа деңгейде тыңдап, дауысзорайтқышты пайдаланғанда құрылғыны құлағыңызға жақын ұстамаңыз.

Мәтін жазу**Әдеттегі мәтін енгізу функциясын пайдалану** 

Керекті әріп шыққанша пернені қайталап басыңыз.

Болжалды мәтін енгізу функциясын қосу 

Опц-р > Сөздік тармағын және қалаған тілді таңдаңыз.

Болжалды мәтін енгізу функциясын өшіру

Опц-р > Сөздік > Сөздік өшірулі тармағын таңдаңыз.

Болжалды мәтін енгізу функциясын пайдалану кезінде бір әріп үшін әрбір пернені бір рет басыңыз. Егер керекті сөз шықса, **0** пернесін басып, келесі сөз жазуды бастаңыз. Егер сөзден кейін ? белгісі пайда болса, бұл сөздікте ондай сөздің жоқ екенін білдіреді.

Сөзді өзгерту

Керекті сөз шыққанша * пернесін қайталап басыңыз.

Сөз қосу

Жазыл. тармағын таңдап, сөзді әдеттегі мәтін енгізу функциясы арқылы енгізіңіз де, **OK** тармағын таңдаңыз.

Бос орын қосу

0 пернесін басыңыз.

Мәтін енгізу өдісін өзгерту

пернесін қайталап басып, дисплейдің жоғарғы жағындағы көрсеткішті тексеріңіз.

Сан қосу

Керекті сан пернесін басып тұрыңыз.

Ерекше таңба қосу

Әдеттегі мәтін енгізу функциясын пайдаланғанда * пернесін басыңыз; болжалды мәтін енгізу функциясын пайдаланғанда # пернесін басып тұрыңыз.

Хабарды өшірмеу

Опц-р > Өшірг-і қайтару таңдаңыз.

Хабар

Хабар қызметтерін тек қызмет көрсетуші қолдаған жағдайда пайдалануға болады.

Сіздің құрылғыңыз бір хабарламаға арналған шектеу бойынша мәтін хабарламаларын қолдайды. Ұзынырақ хабарламалар екі немесе одан да көп хабарламалар түрінде жіберіледі. Сіздің қызмет көрсетушіңіз тиісті ақы алуы мүмкін. Екпінді таңбалар, басқа белгілер немесе кейбір тіл опциялары көбірек орын алып, бір хабармен жіберілетін таңбалардың санын шектейді.

Хабар жазу және жіберу

- 1 **Меню > Хабарлар > Хабарды жазу** опциясын таңдаңыз.
- 2 Хабарды жазыңыз. Хабар ұзындығының көрсеткіші хабарға қанша таңба енгізуге болатынын көрсетеді.
- 3 **Опц-р > Жіберу** тармағын таңдап, алушының телефон нөмірін енгізіңіз немесе оны контактілер тізімінен таңдаңыз да, **ОК** тармағын таңдаңыз.

Хабарларды жою

Меню > Хабарлар > Хабарларды жою > Барл. оқылғ. тармағын немесе қажетті қалтаны таңдаңыз.

Контактілер

Аттар мен телефон нөмірлерін телефон және SIM картасы жадына сақтауыңызға болады. Контактілер тізімінде телефон жадында сақталатын 200-ге дейін контактілер болуы мүмкін.

Контактіні іздеу

Күту режимінде төмен жылжып, аттың бірінші таңбаларын немесе әріптерін енгізіңіз де, керекті контактіге жылжып барыңыз.

Контактілерді контактілер тізіміне сақтау

Меню > Контакттар > Контактты қосу тармағын таңдаңыз.

Контактілерді телефон мен SIM картасы жады арасында көшіру

Меню > Контакттар > Көшіру тармағын таңдаңыз.

Көп тармақты телефон кітапшасы

Құрылғыда көп пайдаланушыларға арналған бес телефон кітапшасына дейін болады. Көп тармақты телефон кітапшасы қосылған кезде қосылған телефон кітапшасының контактілері ғана көрінеді

Контакт бір немесе бірнеше телефон кітапшасында болуы мүмкін. Ортақ конт. ішіндегі контактілерге барлық телефон кітапшаларынан қол жеткізуге болады.

Меню > Контакттар > Баптаулар > Көп тармақты телефон кітапшасы тармағын және тиісті опцияларды таңдаңыз.

Көп тармақты телефон кітапшасын қосу

Тлф кітапш. стилі > Көпт. тлф кіт. таңдаңыз.

Телефон кітапшасын қосу

Ағымд. тлф кітапшасы тармағын және қалаған телефон кітапшасын немесе Ортақ конт. тармағын таңдаңыз.

Контактіні бір немесе бірнеше телефон кітапшасына тағайындау

Контактылар-ды басқару тармағын және қалаған контактіні таңдаңыз.

Телефон кітапшасының атын өзгерту

Тлф кітапша-ларының атт-н өзгерту тармағын және қалаған телефон кітапшасын таңдаңыз.

Шамды қосу немесе өшіру

Меню > Қосымшалар > Шам тармағын таңдаңыз.

Жалпы мәліметтер Құрылғыңыз жайында

Мына нұсқаулықта суреттелген сымсыз құрылғы EGSM 900 and 1800 networks пайдалануға арналған. Байланыс желісі туралы көбірек мәлімет алу үшін қызмет көрсетушімен байланысыңыз.

Құрылғы үшінші тараптың интернет сайттарына бетбелгілер мен сілтемелерді орнатып, үшінші тараптың сайттарына қатынауға мүмкіндік беруі мүмкін. Олар Nokia корпорациясының филиалы болып табылмайды. Nokia корпорациясы олар үшін жауапкершілікті өзіне алмайды және қабылдамайды. Егер сіз осындай сайттарға қатынасаңыз, қауіпсіздік немесе мазмұн үшін сақтық шараларын қолданыңыз.

Ескерту

Құрылғының оятқыш сағаттан басқа белгілерін қолданғанда келсе, құрылғыны қосыңыз. Сымсыз құрылғыны қолдану кедергілер мен қауіп тудыратын болса, құрылғыны қоспаңыз.

Құрылғыны пайдаланған кезде барлық заңдарға бағынып, басқа тараптардың жергілікті кедергі, құпиялық және заңды құқықтарын, оның ішінде авторлық құқықтарын құрметтеңіз. Авторлық құқықтар кейбір бейнелердің, әуендердің және басқа құрылымдағы заттардың көшірілуіне, тасымалдануына, өзгертілуіне кедергі бола алады.

Құрылғыңызға сақталған барлық маңызды ақпараттың сақтық көшірмелерін жасап немесе жазбаша көшірмесін сақтап қойыңыз.

Кез келген құрылғыны қосу үшін оның тұтынушыға арналған нұсқаулығындағы қауіпсіздік жөніндегі мәліметтерді оқыңыз. Сәйкес келмейтін өнімдерге жалғамңыз.

Бұл нұсқаулықтағы бейне ажыратымдылығы түрлі болып көрінуі мүмкін.

Құрылғыңыз туралы басқа да маңызды ақпарат алу үшін қолданушыға арналған нұсқауларды қараңыз.

Желі қызметтері

Телефонды қолдану үшін сізде сымсыз қызмет көрсету түрі болуы керек. Кейбір мүмкіндіктер барлық желіде қатынаулы болмайды; басқа мүмкіндіктер қызмет көрсету провайдеріңізбен арнайы реттеулер жасауыңызды талап етеді. Желі қызметтері берілетін деректерді қамтиды. Өз желіңізде және басқа желілерде болғанда ақы қанша болатыны туралы егжей-тегжейін білу үшін қызмет көрсетушіңізбен байланысыңыз. Қызмет көрсету провайдеріңіз қандай ақы қолданылатын түсіндіреді.

Сіз провайдеріңізден құрылғыңызда бейбелсенді және жұмысқа қабілетсіз мүмкіндіктерге суратым жасауыңызға болады. Онда бұл мүмкіндіктер құрылғыңыздың мәзірінде көрінбейтін болады. Сондай-ақ, құрылғыңызда мәзір атаулары, мәзір реті және белгішелер сияқты бапталатын элементтердің болуы мүмкін.

Қолдау

Өнімді пайдалану туралы қосымша ақпарат білгізіңіз келсе, немесе құрылғыңыз қалай жұмыс істейтінін толық білмесеніз, пайдаланушы нұсқаулығын немесе қолдау үшін www.nokia.com/support сайтындағы қолдау көрсету бетін немесе жергілікті Nokia веб-сайтын, мобильді құрылғы арқылы www.nokia.mobi/support сайтын қараңыз.

Егер бұл көмектеспесе, келесіні орындаңыз:

- Құрылғыны қайта жүктеңіз: телефонды өшіріп, батареяны алыңыз. Біраз секундтан кейін батареяны салыңыз да, телефонды қосыңыз.
- Пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілгендей зауыттық параметрлерді қайта сақтаңыз.

Егер мәселенің шешілмей қалса, жөндету үшін Nokia корпорациясына хабарласыңыз. www.nokia.com/repair сайттарын қараңыз. Құрылғыны жөндетуге жібермес бұрын, әрқашан құрылғыдағы деректердің сақтық көшірмесін жасап алыңыз.

Керек-жарақтар

Ескерту

Тек Nokia компаниясы нақ осы құрылғымен пайдалануға рұқсат еткен батареяларды, зарядтағыштарды және көмекші құралдарды ғана пайдаланыңыз. Басқа түрлерін пайдалану кез келген рұқсаттар мен кепілдіктердің күшін жоюы және қауіпті болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда рұқсат етілмеген зарядтағыштарды немесе батареяны пайдалану ертіні, жарылыстың немесе батареяның ағып кетуіне алып келуі немесе басқа қауіп төндіруі мүмкін.

Рұқсат етілген қосымша аспаптарға бар-жоқтығын білу үшін дилеріңізбен хабарласуды сұраймыз. Кез келген қосымша аспаптың қуат сыймын ажыратқаныңызда, сымнан емес, ашаның өзін ұстап, тартыңыз.

Батарея

Батарея мен зарядтағыш туралы ақпарат

Құрылғыңыз зарядталатын батареядан қуат алады. BL-4C осы құрылғымен пайдаланатын батарея. Nokia бұл құрылғы үшін қосымша батарея түрлерін шығаруы мүмкін. Бұл құрылғы келесі зарядтағыштан қуат алу кезінде пайдалануға арналған: AC-3 . Нақты зарядтағыш моделінің нөмірі ашаның түріне қарай әр түрлі болады.

Аша нұсқасы төмендегілердің біреуімен анықталады: E, EB, X, AR, U, A, C, K немесе UB. арасынан болуы мүмкін. арасынан болуы мүмкін. арасынан болуы мүмкін.

Батарея жүздеген мәрте зарядталып, зарядсыздандырылуына болады, дегенмен, нәтижесінде тозады. Сөйлесу және күту режимдері көрсетілген қалыпты уақыттан қысқарғанда, батареяны ауыстырыңыз. Тек Nokia компаниясымен рұқсат етілген батареяларды ғана пайдаланып, батареяңызды Nokia компаниясымен рұқсат етілген және осы құрылғыға арналған зарядтағышпен ғана зарядтаңыз.

Батарея бірінші рет пайдаланылған болса немесе батарея ұзақ уақыт пайдаланылмаған жағдайда оны зарядтау үшін зарядтағышты қосып, ажыратып, қайта қосуды қажет етуі мүмкін. Егер батарея заряды толық біткен болса, дисплейде зарядтау көрсеткіші жанғанша немесе қоңырау шалу мүмкін болғанша бірнеше минут қажет болады.

Қауіпсіз шығарып алу. Батарейаны шешіп аларда ерқашан құрылғыны өшіріп, зарядтағышты ажыратыңыз.

Дұрыстап зарядтау. Пайдаланылмаған жағдайларда зарядтағышты розетка мен құрылғыдан ажыратып қойыңыз. Толық зарядталған батареяны зарядтағышқа қосулы күйде қалдырмаңыз, себебі асыра зарядтау оның қызмет мерзімін қысқартады. Егер пайдалануеыс қалса, зарядталған батарея уақыт өтісімен өзінің зарядын жоғалтады.

Шамадан тыс температураларда қалуына жол бермеңіз. Батарейаны дайым 15°C мен 25°C (59°F мен 77°F) температура аралығында сақтаңыз. Шамадан тыс температура батареяның сыйымдылығын азайтып, қызмет мерзімін қысқартады. Батарейасы ысып кеткен немесе суынан құрылғы уақытша жұмыс істемей қалуы мүмкін. Батарейаның қызметі қату температурасынан төмен жағдайда ішінара шектеледі.

Қысқа тұйықтап алмаңыз. Қысқа тұйықталу тиын, қағаз қысыртғыш немесе қаламсап сияқты металл нысан батареяның оң (+) және теріс (-) полюстерінің қосылуын тудырған кезде кездейсоқ орын алуы мүмкін. (Олар батареядағы металл жолақшалары сияқты көрінеді). Бұл, мысалы, қалтаңызда немесе өмьяныңызда қосымша батарея болғанда орын алуы мүмкін. Терминалдардағы қысқа тұйықталу батареяны немесе байланыстырғыш затты бүлдіруі мүмкін.

Қоқысқа тастау. Батарейаларды отқа тастамаңыз, себебі олардың жарылуы мүмкін. Батарейаларды жергілікті құзырлы органдардың ережелеріне сәйкес пайдаланыңыз. Мүмкін болған жағдайда қайта пайдалануға жаратыңыз. Тұрмыстық қалдық түрінде қоқысқа тастамаңыз.

Батарея сұйықтының ағуы. Батарейаларды немесе ұяшықтарын аршимаңыз, кеспеліңіз, ашлаңыз, қыспаңыз, майыстырмаңыз, теспеліңіз немесе майдаламаңыз. Батарея ағып кеткен жағдайда, батареяның сұйықтығын теріге немесе көзге тигізіп алмаңыз. Осындай жағдай орын алғанда, тиген жерді бірден сумен жуыңыз немесе медициналық көмек алыңыз.

Зақымдау. Батарейаның түрін өзгертепеліңіз, қайта жасамаңыз, басқа заттарды оның ішіне салуға талпынбаңыз немесе оны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз немесе салмаңыз. Батарейалар бүлінгенде жарылуы мүмкін.

Дұрыс пайдалану. Батарейаны тек арнайы мақсаттарға сай пайдаланыңыз. Батарейаны дұрыс пайдаланбау өрттің, жарылыстың немесе басқа қауіптің пайда болуына алып келуі мүмкін. Егер құрылғы немесе батарея түсіп кетсе, әсіресе қатты жерге түсіп, сіз батареяның бүлінгеніне сенімді болсаңыз, оны пайдаланар алдында тексерту үшін қызмет көрсету орталығына алып барыңыз. Ешқашан зақымданған зарядтағышты немесе батареяны пайдаланбаңыз. Батарейаның кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Nokia батареясының шынайлығын растау жөніндегі нұсқаулары

Қауіпсіздік мақсатында ерқашан Nokia корпорациясы өзі шығарған аккумуляторларды пайдаланыңыз. Фирмалық Nokia батареясын алып жатқаныңызға сенімді болу үшін, оны Nokia компаниясының уәкілетте қызмет көрсету орталығынан немесе дилерінен сатып алыңыз және голографиялық этикетканы келесі қадамдарды жасап тексеріңіз:

Голограмма шынайлығын растау

- 1 Этикеткадағы голограмманы тексерген кезде оның бір бұрышынан қарағанда Nokia корпорациясының қол алысу белгісін, ал екінші бұрышынан қарағанда «Nokia Original Enhancements» логотипін көруге тиіссіз.



- 2 Сіз голограмманы солға, оңға, төмен және жоғары қисайтқан кезде әрбір бұрышынан сәйкесінше 1,2,3, және 4 нүктесін көруге тиіссіз.



Осы қадамдарды сәтті аяқталса да, батарея фирмалық екен деп сеніммен айтуға болмайды. Егер сіз шынайылығын растай алмасаңыз немесе Nokia батареясын жапсырмасындағы голограммасымен бірге шынайы Nokia батареясы емес екеніне сенуге қандай да бір себеп болса, оны пайдаланудан тартынып, көмек алу үшін оны жергілікті Nokia өкілетті қызмет көрсету орталығына немесе дилеріне алып бару керек.

Түпнұсқа Nokia батареялары жөнінде қосымша мәлімет алу үшін, www.nokia.com/battery торабына барыңыз.

Құрылғыға күтім жасау

Сіздің құрылғыңыз дизайны мен шеберлілігі жоғары өнім болып табылатындықтан, оны ұқыпты пайдалану керек. Төмендегі ұсыныстар кепілдігіңіз күшін сақтауға көмектеседі.

- Құрылғыны су тигізбеңіз. Жауын-шашынның, ылғалдың және сұйықтардың құрамында электрондық тізбектердің тот басуына себепші болатын минералдар болуы мүмкін. Егер сіздің құрылғыңыз дымқылданып кетсе, батареяны алып, оны орнына салардың алдында құрылғыны әбден құрғатыңыз.
- Құрылғыны шаң, лас жерлерде пайдаланбаңыз. Оның ауыстырмалы бөліктері мен электрондық бөлшектерінің зақымдануы мүмкін.
- Құрылғыны жоғары немесе суық температурада ұстамаңыз. Жоғары температура электрондық құрылғылардың қызмет ету қысқартып, батареяларды зақымдауы және пластикалық бөліктерінің қалпын бұзуы немесе балқытып жіберуі мүмкін. Құрылғы суық температурадан қалыпты температураға келгенде, оның ішінде ылғал пайда болып, электрондық тізбек тақталарын зақымдауы мүмкін.
- Құрылғының осы нұсқаулықта көрсетілгеннен басқа жолдармен ашуға әрекеттенбеңіз.
- Құрылғыны лақтырушы, соғушы немесе шайқаушы болмаңыз. Өрескел пайдаланудан ішкі тізбек

тақталары мен жұқа механизмдердің зақымдануы мүмкін.

- Күшті химиялық заттарды, тазалағыш ерітінділерді немесе күшті жуу құралдарын құрылғыны тазалауға пайдаланбаңыз. Құрылғының бетін тазалау үшін тек жұмсақ, таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Құрылғыны боямаңыз. Бояу қозғалатын бөлшектерінің қозғалысын қиындатып, дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Тек қана жинақпен жеткізілген етілген немесе мақұлданған антеннаны пайдаланыңыз. Рұқсат берілмеген антенналар, түрлендірулер немесе көмекші құралдар құрылғыны зақымдап, радио құрылғыларды реттейтін ережелерді бұзуы мүмкін.
- Зарядтағыштарды бөлмеде пайдаланыңыз.
- Контактілер және күнтізбе жазбаларды сияқты сақтағыңыз келген деректердің барлығының сақтық көшірмесін жасаңыз.
- Құрылғы жақсы жұмыс істеуі үшін уақытылы мезгіл-мезгіл бастапқы қалпына келтіру мақсатымен оны өшіріп, батареяны алыңыз.

Бұл ұсыныстар құрылғыңызға, батареяңызға, зарядтағышыңызға немесе кез келген қосымша аспапқа бірдей қолданылады.

Қайта пайдалану

Әрдайым пайдаланылған электрондық бұйымдарды, батареяларды және орауыш материалдарды арнаулы жинау орнына өткізіңіз. Осылайша сіз қалдықтың қарасыз тасталуына жол бермей, материалдардың қайта пайдаланылуына көмектесесіз. Өнім туралы қоршаған ортаға қатысты ақпаратты және Nokia өнімдерін қайтадан қалай пайдалану керектігін www.nokia.com/werecycle немесе nokia.mobi/werecycle сайтынан қарап алыңыз.



Бұйымдағы қиылысқан сызығы бар дөңгелекшелі көрзеңке белгісі, нұсқаулық немесе орауыш барлық электр және электрондық бұйымдардың, батареялардың және аккумулятордың жұмыс мерзімі біткеннен кейін бөлек жиналуы керек екенін есіңізге салады. Бұл талап Еуропалық Одақта қолданылады. Бұл бұйымдарды сұрыпталмаған қалалық қоқысқа тастамаңыз. Қоршаған орта туралы қосымша ақпарат алу үшін www.nokia.com/environment сайтынан бұйымның экологиялық декларациясын қараңыз.

Қосымша кәуіпсіздік ақпараты

Бұл құрылғының бетінде никель жоқ.

Кішкентай балалар

Құрылғы мен оның аксессуарлары ойыншық емес. Олардың құрамында кішкентай бөлшектердің болуы мүмкін. Оларды кішкентай балалардан аулақ ұстаңыз.

Жұмыс істеу ортасы

Бұл құрылғы құлақ тусында немесе денеден 2.2 centimetres (7/8 inch) алыс бірқалыпты пайдалану кезінде радио жиілік нұсқауларын орындайды. Тасымалдау сәлемесінде, белдік қысқышта немесе арқалап алуға арналған ұстағышта метал болмауы керек және құрылғыны денеңізден жоғарыда көрсетілген аралықта ұстаңыз.

Деректер файлдары мен хабарларды жіберу үшін желіге сапалы байланыс орнатылуы керек. Сапалы байланыс қатынаулы болмайынша, деректер файлдарының немесе хабарлардың көшіктірілуі мүмкін. Берілу аяқталғанша, бөлектеу қашықтығына қатысты нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғының бөліктері магнитті болып келеді. Металл заттар құрылғыға тартылуы мүмкін. Несие карточкасы немесе басқа да магнитті құралдарды жақын ұстамаңыз, себебі ондағы сақталған ақпарат өшірілуі мүмкін.

Медициналық құрылғылар

Радио хабар тарату жабдығының, соның ішінде, сымсыз телефонның жұмысы жеткілікті қорғалмаған медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. сыртқы радио жиілік қуатынан жеткілікті қорғалғанын анықтау үшін физиктен немесе медициналық құрылғыны өндірушіден ақыл-кеңес сұраңыз. Ережелер құрылғыңызды өшіріп қоюға нұсқау берген жағдайда, солай істеніз. Ауруханалар немесе денсаулық сақтау мекемелері сыртқы радио жиілік қуатына сезімтал жабдықты пайдалануы мүмкін.

Алмастырылған медициналық құрылғылар

Медициналық құрылғыға кедергі жасауға жол бермеу үшін медициналық құрылғыларды өндірушілер сымсыз құрылғы мен имплантация жасайтын медициналық құрылғылар, мысалы, электрондық жүрек стимуляторы немесе имплантация жасайтын кардиовертер-дефибриллятор арасындағы қашықтық кемінде 15,3 сантиметрді (6 дюйм) құрауы тиіс деген кеңес береді. Мұндай құрылғыларға не адамдар төмендегілерді орындауы тиіс:

- Өрдайым сымсыз құрылғыны медициналық құрылғыдан 15,3 сантиметр (6 дюйм) алыс ұстаңыз.
- Сымсыз құрылғыны төс қалтаға салып жүрмеу керек.
- Сымсыз құрылғыны медициналық құрылғыға қарама-қарсы жақтағы құлағыңызға ұстаңыз.
- Кедергі барынан күмәнданған жағдайда, сымсыз құрылғыны өшіру керек.

- Имплантация жасайтын медициналық құрылғыға қатысты өндіруші нұсқауларын орындаңыз.

Егер сізде алмастырылған медициналық құрылғыны сымсыз құрылғымен пайдалану жөнінде сұрақтарыңыз болса, денсаулық сақтау орталығымен кеңесіңіз.

Есту құралдары

Кейбір сандық сымсыз құрылғылар кейде есту аппараттарына кедергі келтіруі мүмкін.

Көлік құралдары

Радио жиілік сигналдары көліктердегі дұрыс орнатылмаған немесе жеткілікті қорғалмаған электрондық жүйелерге, мысалы, электрондық жанармай бүрку жүйесіне, тежеуге қарсы электрондық құлып жүйесіне, электрондық жылдамдықты бақылау жүйесіне және қауіпсіздік жастықшасының жүйесіне әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін көлігіңіздің немесе оның жабдығының өндірушісімен тексеріңіз.

Бұл құрылғыға қызмет көрсетуді немесе оны көлікке орнатуды тек маманданған қызметкерлер істеуі тиіс. Дұрыс орнатпау немесе қызмет көрсетпеу қауіпті және кепілдігіңізді жарамсыз етуі мүмкін. Көлігіңіздегі барлық сымсыз құрылғылардың дұрыс бекітілгенін және жұмыс істеп тұрғанын тұрақты тексеріп отырыңыз. Оңай тұтанатын сұйықтықтарды, газдарды немесе жарылғыш заттарды құрылғымен, оның бөліктерімен немесе қосымша аспаптарымен бір бөлімде сақтамаңыз. Қауіпсіздік жастықшаларының қатты күшпен ашылатынын ұмытпаңыз. Құрылғыңызды немесе аксессуарларын қауіпсіздік жастықшасы ашылатын жерге қоймаңыз.

Ұшаққа көтерілмей тұрып құрылғыңызды өшіріңіз. Сымсыз телеқұрылғыларды ұшақтың ішінде пайдалану ұшақтың жұмысына қауіп келтіруі және заңға қайшы болуы мүмкін.

Жарылу қаупі бар орталар

Ықтималды жарылыс болатын ортада құрылғыны өшіріп қойыңыз. Барлық берілген нұсқауларды орындаңыз. Мұндай аймақта ұшқынның пайда болуы дене жаракатына немесе өлімге әкеп соғатын жарылысқа немесе өртке себепші болуы мүмкін. Құрылғыны қызмет көрсету стансаларындағы бензин сорғыларының маңайы сияқты жанармай қуо орындарында сөндіріңіз. Жанармай қоймаларында және тарату аумақтарында химиялық зауыттарда немесе жарылыс жұмыстары болып жақтан жерде шектеулерді орындаңыз. Жарылу қаупі бар атмосфералы аймақтар жиі таңбаланады. Бірақ бұл таңбалар әрқашанда анық бола бермейді. Олар көлігіңіздің қозғалтқышы өшіріп қоюға кеңес беретін аймақтарды, кемелердегі полубалардың астын, химиялық заттарды таситын немесе сақтайтын орындарды және ауаның құрамында химиялық заттар немесе астық, шаң немесе металл ұнтақтары сияқты заттар болатын жерлерді қамтиды. Олардың аймағында

осы құрылғыны пайдалану қауіпсіз бе, жоқ па анықтау үшін (пропан немесе бутан сияқты) мұнай газдарды пайдаланатын көлік өндірушілерімен ақылдасуыңыз қажет.

Жедел қызметтерге телефон шалу

Маңызды: Бұл құрылғы радио сигналдарды, сымсыз желіні, жердегі байланыс желісі және қолданушы бағдарламаға салынған жетелерді пайдалана қызмет етеді. Егер құрылғыңыз интернет арқылы дауыс қоңырау шалуларды (интернет қоңырау шалуларды) қолдаса, интернет және ұялы телефон қоңырау шалуларының екеуін де іске қосыңыз. Ұялы желілері мен интернетпен қоңырау шалу провайдерінің екеуі де қосылған жағдайда, құрылғы осылардың екеуі арқылы жедел қызмет көрсету орындарына қоңырау шалуға әрекет жасайды. Байланыстың барлық жағдайда жүзеге асырылатынына кепілдік берілмейді. Медициналық шұғыл жағдайда байланыс орнату үшін тек сымсыз құрылғыға ғана сенуге болмайды.

Жедел телефон шалу үшін:

- 1 Егер құрылғы өшірілу болса, оны қосыңыз. Сигналдың тиісті күші болуын тексеріңіз. Құрылғыға тәуелді бола отырып, сіздің төмендегілерді орындауыңыз қажет:
 - Егер құрылғы жарамды болса, оған SIM-картасын енгізіңіз.
 - Егер құрылғыңызда белгілі бір қоңырау шалу шектеулері болса, оларды алып тастаңыз.
 - Режимді Дербес немесе Ұшу режимінен белсенді режимге өзгертіңіз.
- 2 Дисплейді тазарту үшін аяқтау пернесін басып, құрылғыны қоңырау шалуға дайындаңыз.
- 3 Жергілікті аймақтағы ресми жедел жәрдем нөмірін енгізіңіз. Жедел жәрдем нөмірлері әр жерде әртүрлі болуы мүмкін.
- 4 Шақыру түймесін басыңыз.

Жедел қоңырау шалу кезінде барлық қажетті ақпаратты мүмкіндігінше мұқият беріңіз. Сіздің сымсыз құрылғыңыз оқиға орнында тек байланыс құралы бола алады. Рұқсат берілгенге дейін қоңырау шалуыңызды аяқтамаңыз.

Күөландыру туралы ақпарат (ҮСД)

Құрылғы радио толқындарының әсері нұсқауларына сәйкес келеді.

Сіздің мобильді құрылғы радио хабаршысы және радио қабылдағыш ретінде де қолданылады. Ол халықаралық нұсқаулармен бекітілген радио толқындар әсері шектеуінен шықпайтындай етіліп жасақталған. Бұл ережелер ICNIRP тәуелсіз ғылыми ұйымымен жетілдірілген және барлық адамдарды жасына және

денсаулығына қарамастан қорғауға кепілдік беру үшін дайындалған қауіпсіздік шараларын қамтиды.

Мобильді құрылғы нұсқаулары Үлестік сіңіру деңгейі немесе ҮСД өлшем бірлігін қолданылады. ICNIRP бекіткен ҮСД шектеуі дененің 10 грамы үшін 2,0 ватт/килограмм (Вт/кг) құрайды. ҮСД үшін тексерулер барлық тексерілген жиілік белдеулеріндегі жоғары рұқсат етілген қуатты құрылғыға стандартты жұмыс күйін қолданады. Жұмыс үстіндегі құрылғының ҮСД көрсеткіші ең жоғарғы дыбыс деңгейінен төмен болуы мүмкін, себебі құрылғы желіге жететін ғана қажетті қуатты пайдаланады. Бұл мөлшер бірнеше факторларға, мысалы сіздің желі негізі бекетіне қаншалықты жақын орналастыруыңызға байланысты өзгереді.

ICNIRP нұсқаулары белгілеген құрылғыны құлаққа қолданудың ҮСД ең жоғарғы мәні - 1.09 W/kg.

Құрылғының қосымша аспаптарын қолдану нәтижесінде әртүрлі ҮСД мәндері шығады. ҮСД мәндері мемлекеттік есеп беру және тексеру талаптарына және желі таралымына тәуелді. ҮСД бойынша қосымша мәліметті www.nokia.com сайтындағы өнім туралы ақпарат ішінен алуыңызға болады.

CE 0434

Осымен, NOKIA CORPORATION осы RH-112 өнім 1999/5/ЕС директивасының негізгі талаптарына және басқа да қатысты жайттарына сәйкес екендігін мәлімдейді. Сәйкестік жөніндегі көшірмені http://www.nokia.com/phones/declaration_of_conformity/ сайтынан таба аласыз.

© 2009 Nokia. Барлық құқықтары қорғалған.

Nokia, Nokia Connecting People және Navi — Nokia Corporation корпорациясының сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі. Nokia tune Nokia корпорациясының дыбыстық белгісі болып табылады. Аталған басқа өнімдер мен компания аттары тиісті меншік иелерінің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Бұл құжат мазмұнының бір бөлігін немесе барлығын Nokia корпорациясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз қандай да бір жолмен қайта дайындауға, үшінші тарапқа беруге, таратуға немесе сақтауға тыйым салынады. Nokia корпорациясы үздіксіз дамыту саясатын ұстанады. Nokia корпорациясы осы құжатта сипатталған өнімдердің кез келгенін алдын ала ескертусіз өзгертуге және жетілдіруге құқылы.

ЗАҢ БОЙЫНША NOKIA НЕМЕСЕ ОНЫҢ РҰҚСАТ БЕРУШІЛЕРІ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАҒДАЙ БОЛМАСЫН МӘЛІМЕТТЕР ЖОЙЫЛУЫНА НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАРҒА, КЕЗ КЕЛГЕН АРНАЙЫ, ҚОСЫМША, СОҒҒЫ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ЖАСАЛЫНҒАН ЗАҚЫМДАРҒА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

БҮЛ ҚҰЖАТТЫҢ МАЗМҰНЫ "СОЛ КҮЙІНДЕ" ҚҰРЫЛҒАН. ЗАҢ БОЙЫНША, КЕПІЛДЕМЕНІҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ ШҰҒЫЛ НЕМЕСЕ НЕГІЗДЕЛГЕН, БІРАҚ ШЕКТЕЛМЕГЕН ТАУАР ЖАРАМДЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕЛЕРІ ЖӨНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАБІЛЕТ ДӘЛДІЛІК, СЕНІМДІЛІК НЕМЕСЕ ОСЫ ҚҰЖАТТЫҢ МАЗМҰНЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖАСАЛҒАН. NOKIA КОМПАНИЯСЫ ОСЫ ҚҰЖАТТЫ ЕШБІР АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУСІЗ ҚАРАП ШЫҒУҒА НЕМЕСЕ БҮДАН БАС ТARTУҒА ҚҰҚЫЛЫ.

Белгілі өнімдерге және сұранымдарға, қызметтерге қол жеткізу аймақтарға байланысты әр түрлі болады. Толық мәліметтер мен тіл опцияларының бар-жоғын Nokia дилерінен сұрап алыңыз. Экспорттық бақылау. Бұл құрылғы АҚШ және басқа елдерден заңдар мен реттеушілерді экспорттайтын, сату тауарларын, технологияны немесе бағдарламаны қамтамасыз ететін пәннен тұрады. Заңды орындамай ауытқуға тыйым салынған.